ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Ақтөбе

1924-2024 ЖЫЛ

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді
www.aqtobeqazeti.kz, aktobegazeti@mail.ru

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ

№17 (21.465)
27 ақпан 2024 жыл, сейсенбі

Көктемгі әзірлік

СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР НАҚТЫЛАНДЫ

Өңір басшысы Ақтөбедегі су тасқынына қарсы атқарылған жұмыстарды қарап шықты. Ол Құрашасай және Сая тұрғын алаптары, Алтын орда шағын ауданы, Ақтөбе су қоймасына барды.

Облыс орталығында көктемгі су тасқынын өткізу үшін дайындық қарқынды жүргізіліп жатыр. Іс-шаралар жоспары құрылып, биылғы 16 ақпаннан бастап арықтарды, каналдарды қардан, мұздан тазарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Арнайы бригадалар, мердігер мекемелер жұмылдырылған.

Қазіргі уақытта мердігер мекемелер Құрашасай, Есет батыр, Қурайлы, Сая, Жаңақоныс тұрғын алаптарындағы каналдарды қардан, мұздан, Алтын орда тұрғын алабындағы ашық арықтарды қардан тазартуға кіріскен.

Құрашасай тұрғын алабындағы қорғаныс бөгеті мен су каналын орнату жұмыстарын облыс әкімі қарап шықты. Тұрғын алабының белсенді тобымен кездесіп, мән-жайды білді. Ауыл тұрғыны Болат Мұсаев қар тазарту қарқыны жақсы екенін, ауылды су басу қаупі азайғанын тілге тиек етті.

Ал Сая тұрғын алабында қорғаныс бөгеті, ұзындығы 850 метр су арнасын қазу, сондай-ақ суөткізгіш құбырды үлкен көлемді түтікке ауыстыру жұмыстары жүргізілген. Асхат Шахаров жауапты лауазымды тұлғаларға су тасқыны кезеңінде ауылдарда бақылауды күшейтуді тапсырды.

Айта кетейік, Құрашасай мен Сая ауылдары — қала әкімдігі тарапынан инженерлік жұмыстар жүргізілген 16 учаскенің қатарында.

Ақтөбе су қоймасына барған өңір басшысы биыл қойманың су қабылдау мүмкіндігін пысықтады. Негізінен, оның жобалық сыйымдылығы — 245 млн текше метр, қазіргі уақытта 141,8 млн текше метр су бар, яғни ол 58 пайызды құрайды, қосымша ағын су келеді деген болжам бар.

Облыс әкімі су тасқыны кезеңінде жоспарлы әрекет ету үшін жұмыс тобын құрып, іс-шаралар жоспарын тағы бір зерделеу қажеттігін айтты.

М.ТАБЫН.

Бақылау

ҚҰРЫЛЫС БЕЙНЕБАҚЫЛАУ КАМЕРАЛАРЫМЕН ҚАДАҒАЛАНАДЫ

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНА ҚАНДАЙ ДА БІР ҚҰРЫЛЫС САЛУДЫ КӨЗДЕГЕН МЕРДІГЕР КОМПАНИЯЛАР ЕНДІ БЕЙНЕКАМЕРАЛАР ОРНАТУҒА МІНДЕТТІ. ҚҰРЫЛҒЫ АРҚЫЛЫ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ТЕКСЕРІП ОТЫРУ, ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫН БАҒАМДАУ ТАПСЫРЫС БЕРУШІ МЕКЕМЕГЕ ЖҮКТЕЛЕДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ СӘУЛЕТ, ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ АСЛАН ЖАРАСБАЕВ МӘЛІМДЕДІ.

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен құқықбұзушылықтардың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның отырысы өтті.

Жиында баяндама жасаған Аслан Жарасбаев өңір басшысының тапсырмасына сәйкес бейнекамераларды орнату жұмыстары басталып кеткенін айтты.

Бүгінде Ақтөбе өңірінде құрылысы ұзаққа созылған 13 нысан бар. Оның үшеуіне, атап айтқанда, Бадамша спорт кешені, Терісаққан, Шилісай мектептеріне бейнекамера орнатылған. Ал Батыс спорт кешені, Ащысай, Темір-мост, Жарма мектептеріне құрылғылар қондырылу сатысында. Құрылыс басқармасы төрт нысанда мердігер мекеме болмауына орай камера қондырылмағанын айтып отыр.

— *2024 жылға 27 нысанға құрылыс жұмыстарын жүргізуге конкурс жарияланды, аталған нысандардың барлығына да бейнебақылау орнату қарастырылған. Биыл жыл соңына дейін 11 нысанды пайдалануға беру жоспарлануда,* — деді Аслан Жарасбаев.

А.МӘЛІККҚЫЗЫ.

Өзекті

ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.

Отырыс барысында облыс бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жергілікті атқарушы органдардың жұмысына қатысты жүргізілген талдау нәтижесін жариялады.

Департамент ұсынған дерекке сүйенсек, денсаулық сақтау, құрылыс және спорт салаларындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінде мүдделер қақтығысы болған. Бұған себеп — жоғары тұрған мемлекеттік органдар тарапынан тиісті бақылаудың жүргізілмеуі.

Сондай-ақ антикор облыс аумағында проблемалық объектілердің құрылысын бақылау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Бүгінгі таңда бірлескен шаралар жоспары бекітіліп, 4 нысан аяқталды.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Асхат Шахаров департамент ұсыныстары негізінде әкім аппараты басшылығына қызметтік тергеу жүргізіп, кінәлі лауазымды тұлғаларды қатаң тәртіптік жауапкершілікке тартуды, қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілген барлық заңбұзушылықты жоюды тапсырды. Сонымен қоса терроризмге қарсы іс-әрекет бойынша насихат жұмыстарын күшейтуді жүктеді.

— *Бәріміз бірге жұмыс істемесек, мемлекеттік бақылау жүйесіне деген халық тарапынан сенімсіздік бола береді. Сондықтан барлық мемлекеттік органдар тұрғындармен кездесуде мәселені қорықпай айтуға тиіс. Жалғыздың үні шықпайды. Нақты шаралар қабылдануы керек,* — деді Асхат Шахаров.

А.ІЛИЯСҚЫЗЫ.

Тұсаукесер

«ҚОБЫЛАНДЫ» — АҚТӨБЕ САХНАСЫНДА

Ақтөбеде эпос желісімен жазылған «Қобыланды» қойылымының премьерасы өтті. Бас режиссері — Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Қазақ мемлекеттік академиялық театрының режиссері, «Ұмай» сыйлығының иегері Дина Жұмабаева.

Ерлік пен елдік, бірлік пен тұтастықты сақтаудағы батырдың бейнесін Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрының актері Әділет Мұхтар шынайы сомдады.

Екі күн қатарынан сахналанған қойылымды көруге ықыласты жұрт көп болды.

Алдымен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнисова сөз сөйледі.

— *«Қобыланды» Ақтөбенің «төлқұжаты» десек те болады. Әр жылдары, буын алмасқан сайын Мұхтар Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» дастан-драмасы негізінде қойылған «Қобыланды» туындысы сахналанып келе жатыр, сахналана береді. «Қобыланды» болашақта да қойылады. Бұл туынды біздің қара шаңырақта да қойылды. Спектакльдің бас режиссері Мағзом аға Бақытжанов болатын.*

Бүгінгі қойылатын туындының өзіндік ерекшеліктері бар. Көрермен қазақ әдебиетіндегі эпостық жырлардан құрастырылған Қобыланды батырдың бейнесін тамашалайды.

Бүгінгі тұсаукесерге халықаралық театр сыншылары бірлестігінің президенті Анар Еркебай бастаған бір топ театр сыншылары келіп отыр. Қонақтарымызға мәртебемізді көтеріп, шақыртуымызды қабыл алғандары үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Тарихи тұлғаны бір ғана туындымен насихаттап қоймаймыз. Зерттеушілердің айтуынша, халық арасында «Қобыланды батыр» дастанының 29 нұсқасы бар. Былтырдан бері Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтымен бірлесіп, осы 29 нұсқаны қазақ тіліне аударды қ. Сол 29 нұсқаны 7 томдық кітапқа енгізіп, наурыз айында халыққа ұсынуды жоспарлап отырмыз, — деп, Алтынай Юнисова театр ұжымына сәттілік, көрерменге жақсы демалыс тіледі.

Айта кету керек, «Қобыланды» спектаклін Алматы қаласынан арнайы шақыртылған танымал режиссер, ұлттық «Ұмай» сыйлығының иегері, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының бас режиссері Дина Жұмабаева өзінің шығармашылық тобы, театр өнері саласындағы халықаралық деңгейдегі кәсіпқой мамандар — хореограф Анна Цой (Алматы қаласы) және сценография мен сахналық костюм суретшісі Лилия Хисматуллинамен (Ресей Федерациясы, Уфа қаласы) бірігіп қойды. Музыкамен көркемдеуші — дарынды, талантты композитор Нұрсұлтан Төреәлі (Қызылорда облыстық Н.Бекежанов театры). Қойылым барысында «Қобыланды батыр» жыры, Мұхтар Әуезовтің «Қара Қыпшақ Қобыланды» дастан-драмасы, халық ауыз әдебиеті қолданылған.

— *«Қобыланды» — мазмұны бай жырлардың бірі. Қобыланды — қазақтың эпостық жырындағы ең танымал кейіпкер.*

Кез келген қойылымның өзіндік ерекшелігі болады. Шоқтығы биік, жауһарымыздың Ақтөбенің облыстық драма театрында сахналануы заңдылық деп ойлаймын.

Көпшілік Мұхтар Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» дастан-драмасы негізінде қойылған «Қобыланды» спектаклін жақсы біледі. Бұл еңбек өте көп сахналанды. «Қобыландыда» атақты актерлер ойнады. Қобыланды бейнесін алғаш рет Шәкен Айманов сомдады.

Біздің мақсат — Мұхтар Әуезовке шабыт сыйлаған, ұлы жазушының драмасына арқау болған қойылымның түпнұсқасын эпос желісі негізінде көрерменге ұсыну. Өйткені ұлттық театрдың мәйегі ұлттық эпосымызда жатыр. Қазақтың ұлттық театры — ауыз әдебиетіндегі жырларымыз, эпостарымыз, аңыздарымыз, әпсаналарымыз. Онда актерлік те, драмалық та, әдемілік те, этика, эстетика да — бәрі-бәрі көрініс табады. Шамамыз келгеше дәстүрлі емес қойылым жасауға, «тірі театр» жасауға тырыстық. Сол үшін де талантты режиссеріміз Дина Жұмабаеваны шақырдық.

Қойылымды сахналау барысында шығармашылық топ жаңа бір даму сатысына көтерілді деп ойлаймын. Қойылым — біздің театрымыздың одан әрі өсіп, биіктеуіне өз үлесін қосты, — деді Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрының директоры Сайлау Қамиев.

Спектакль Қобыланды батырдың өмірі мен ерлігін бейнелейді. Қойылым Қобыландының ішкі қайшылығын, кереғар болмысын ашады.

Спектакль соңында шығармашылық топқа облыс әкімі Асхат Шахаровтың атынан ықылас гүлі табыс етілді.

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ.

Денсаулық

БИЫЛ ОБЛЫСТА 21 МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН САЛЫНАДЫ

ОНЫҢ 13-І — МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ, ТӨРТЕУІ — ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ, ТАҒЫ ТӨРТЕУІ ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК ПУНКТ БОЛАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН КЕЗЕКТІ АППАРАТТЫҚ ЖИЫНДА ҚҰРЫЛЫС, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ЕРЖАН МҰЗДЫБАЕВ МӘЛІМДЕДІ.

— *Ақтөбе облысы бойынша «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында 2024 жылға 21 нысанның құрылысы жоспарланған: оның ішінде 6 нысан — ауыспалы, 14 нысан — жаңа. Ауыспалы бір нысан жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Сонымен қатар 2025 жылға 3 көпсалалы орталық ауданаралық ауруханалар құрылысы жоспарланған,* — деп атап өтті ол өз баяндамасында.

Құрылысы 2023 жылы басталған Мәртөк ауданының Байтұрасай және Аққайың, Мұғалжар ауданының Қожасай, Шалқар ауданының Қаратоғай және Шоқысу ауылдарындағы медициналық пункттер, Темір ауданының Алтықарасуындағы дәрігерлік амбулатория, Ырғыздың Нұра ауылында салынатын фельдшерлік-акушерлік пункті жыл соңына дейін пайдалануға берілмек.

Ал 2024 жылы медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар, жалпы саны 14 жаңа жоба Алға, Мұғалжар, Шалқар, Ырғыз, Қобда, Байғанин және Темір аудандарының ауылдарында іске асады. Құрылыс басқармасы жобалардың құжаттамаларымен айналысуда.

Аймақ басшысы жауапты лауазымды тұлғаларға барлық жобаны сапалы және тиімді орындауды, құрылыс жұмыстарын уақтылы аяқтауды міндеттеді.

Н.ДӘНЕКЕРОВ.